«Арқалық қаласындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер

Мемлекет және қоғам қайраткері Әуелбеков Еркін Нұржанұлының туғанына 95 жыл

(1930 – 1999)

(библиографиялық жаднама)

Арқалық қаласы, 2025

«Арқалық қаласындағы облыстық
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер

Мемлекет және қоғам қайраткері
Әуелбеков Еркін Нұржанұлының туғанына 95 жыл

(библиографиялық жаднама)

ӘОЖ 94(574):929
ҚБЖ 91.9:66.01
Қ 23

Құрастырушы: М.Г.Жумагалиева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумагалиева
Редактор: С.А.Алматова

«Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер» [Мәтін] : [мемлекет және қоғам қайраткері Әуелбеков Еркін Нұржанұлының туғанына 95 жыл толуына орай әзірленген]: библиографиялық жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі; [құраст.: М.Г.Жумагалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 24 б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі қоғам қайраткері Әуелбеков Еркін Нұржанұлының өмірі мен парасатты өткел жолдары жайында баяндайтын мағлұматтардан тұратын библиографиялық жаднама дайындады.

Шағын жаднама жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574):929
КБЖ 91.9:65
© М.Г.Жумагалиева

Құрастырушыдан

Билік биігінде жүргенде мейлінше елге адалдықпен қызмет етуге тырысатын елжанды азаматтар баршылық. Олар өмірден озғанмен көргендер көңілінен өшпейтіні хақ. Халқымыз «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деп бекер айтпаған. Сол жақсының өзін де, өмірін де өнеге тұтқызған жандардың бірі емес бірегейі Еркін Нұржанұлы Әуелбеков ағамыздың туғанына биыл 95 жыл толып отыр.

Құт қонған киелі Торғай жерінде Еркін Әуелбеков 1978-1985 жылдары облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Торғай елі халқымызға мақтануға да, шаттануға да тұрарлық маңдайы жарқыраған, айдарынан жел ескен даналарды, көсемдерді, шешендерді берген қасиетті өлке. Осындай киелі өлкеде қызмет еткен Еркін Нұржанұлы өзін адами қалпы келісті, ірі мінезді, от ауызды, табанды, жаңашыл, қайырымды тұлға ретінде танытты, жұртшылық құрметіне бөленді.

Билікті халық мүддесінен жоғары қоймаған, ұлтқа қызмет етуде нар тәуекелге бел байлай алатын өткірлік пен табандылық танытқан, тар кезеңде мойымаған, сынбаған қайсар рухты тұлғаға арнап Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі «Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер» атты библиографиялық жаднаманы шығарып, оқырмандар назарына ұсынып отыр. Бұл шағын жаднамаға қоғам қайраткерінің өмірі мен атқарған игі істері және естелік суреттері, ол жайлы арнаулар, естелік әңгімелер енгізілген.

Библиографиялық жаднама жалпы оқырман қауымға арналған.

Әуелбеков Еркін Нұржанұлы
(1930-1999)

Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков 1930 жылы 22 мамырда Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Жаңасу ауылында дүниеге келген. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясын тамамдаған соң облысымыздың Коновалов машина-трактор станциясында бас агроном, директор қызметтерін атқарған.

Бұдан соң “Марьевский” кеңшарына басшылық еткен. 1961-1965 жылдары облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, кейін төрағасы, жергілікті партия комитетінің екінші хатшысы болған. Бұдан кейін ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі, Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстары партия комитеттерінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарған. 1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесінің ұлттық саясат және халықаралық қатынастар жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары, 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып, тәуелсіз еліміздің нығайуына, елде қолға алынған әлеуметтік-экономикалықжаңа қатынастарды жүзеге асыру ісіне үлкен үлес қосты.

Еркін Нұржанұлы Әуелбеков шын мәнінде мемлекет және қоғам қайраткері болып туғандай, бала кезінен сабаққа зерек болып, Москвадағы жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіріп, біліммен сусындап алғаннан кейінгі басталған еңбек жолының қай сатысында жүрмесін, қай қызметте болмасын мәселені мемлекеттік деңгейде ойлады, сол деңгейде шеше білді. Осы жолда кедергі де аз болған жоқ, өмірі қақтығысқа, күреске толы болды. Көп ретте жеңді, өзінің қойған мәселесінің елдік іс екеніне қарсыластарының да, жоғарыдағылардың да көзін жеткізе білді.

Ол туған жері Көкшетауда ғана емес, бірінші басшы болып қызмет атқарған Торғай, Қызылорда облыстарында да өзінің кім екендігін көрсетіп кеткен биік тұлға. Торғайда қызмет еткен жылдарында жаңа қалыптасқан облыстың абыройын асыра білді. Шағын облыстың басында Еркін Нұржанұлы тәрізді Одаққа танымал тұлға тұрғанда Торғайдың айбыны асып, айдарынан жел есіп тұрған кезеңдері еді десе де болғандай... Облыс халқы, әсіресе, қалың қазақ мекен еткен Аманкелді, Жанкелдин, Амантоғай, Арқалық аудандарының ел-жұрты оны ешқашан ұмытпақ емес.

Үш мәрте Ленин, Октябрь революциясы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендері, медальдарымен марапатталған. Қоғам және мемлекет қайраткері 29 қаңтарда 1999 жылы Алматы қаласында өмірден озды.

Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер

Еркін Әуелбековтің лауазымының тез өсуі аға ұрпақ өкілдерінің көз алдында өтті. Оған бірден-бір себеп, оның өзі жетекшілік ететін шаруашылық тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстарын көтере білуі, өнім өндірудің қосымша көздері іздестіріліп, еңбек адамдарының күш-жігерін сондай ұрымтал тұстарға жұмылдыра білуінде еді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары кадрларды таңдаудағы қоғамда қалыптасқан талап бойынша ұйымдастыру қабілеті бар, қай қызметте болсын өзін жақсы қырынан көрсете білген адамдарға әрдайым жол ашық болатын. Еркін Нұржанұлы Солтүстік Қазақстан облысында істеген қысқа уақытта өзін сондай қырынан көрсете білді.

Қарапайым халықтың арасында қызу еңбекте қайнап пісті.Болмысындағы алғыр мінез де, жан-жақты іскерлік те, өжеттілік пен ерлік те, міне, осы тұста бой көрсетіп,жас Еркіннің азаматтық тұлғасын ерекшелендіре түсті.

Бар-жоғы сегіз жылға жетер-жетпес уақытта Ерекең осы облыстағы лауазымды қызметтердің бәрін жемісті атқарып шықты. 1961 жылы ол Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды, содан соң Ерекең облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарылатылды, көп ұзамай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекітілді. Қабылдауға келгендер ақыл-кеңес сұрайды. Ондай жандар қашанда риза көңілмен алғысын айтып шығатын. Осындай құрметке ие болу екінің бірінің маңдайына жазыла бермес бақыт және ол әкесі Нұржанның қанымен, анасы Қалиманың ақ сүтімен дарыған өнегелі тәрбиеден болатын. Еркін Нұржанұлының басшылықтағы табандылығы мен дарындылығы, адамдармен тез тіл табысып оларды ортақ іске жұмылдыра білуі жөніндегі іскерлігі республика басшылығына да жетті. Орда бұзатын отыз жасқа жаңа толған Еркін Әуелбековті сол жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған Мәсімхан Бейсебаевтың ұсынысымен Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары етіп тағайындады. Осындай жауапкершілігі зор республикалық көлемдегі қызметті атқаруға Еркін Нұржанұлы тас түйін дайын еді. Өзіне де, басқаларға да қатаң талап қоя білетін Әуелбеков бұл жұмысты үйіріп әкетті. Тың игеру жылдары, әсіресе солтүстік облыстардағы кадр саясатының өрескел бұрмалануы, келімсектердің лауазымды қызметтерге оңды-солды жаппай тағайындалуы кезінде, оның тегеурінді іс-әрекеті мен азаматтық жігер таныта білуі екінің бірінің қолынан келе бермейтін батылдық болатын. Өзінің бастығы, министр Моторикамен иық қағыстыра жүріп, Ер-аға қиқар мінезді министрді өз дегеніне көндіре білді. Оның бір дәлелі министр еңбек демалысына кеткен кезде, министрдің міндетін атқара жүріп, министрліктегі жетекші екі басқарманың басшылығына қазақ кадрларын тағайындады.

Еркін Әуелбековтің министрліктегі кадр саясатына батыл араласуы министр Моторикаға ұнай қойған жоқ. Ашық тартысқа бармаса да араларына бір сызаттың түскені байқалып тұрды. Е.Әуелбеков болса теориялық үздік білімін санаулы жылдарда озат тәжірибемен ұштастырып, біліктілігін іс жүзінде реформатор екенін дәлелдеп үлгерді. Және қай жерде жүрсе де, қандай басшылық қызметте болса да өмір бойы ұстаз болып қызмет жасаған Нұржан

әкесінің өсиет етіп айтып кеткен: «Балам, қолыңда билік бола қалса, қарапайым адамдарға қамқоршы бола біл, ұлтыңның намысын ешкімге таптатпайтын бол» деген нақылын ешқашан естен шығармайтын. Сондықтан да болар, Ерекең Қазақстанның дамуы мен ұлтының өсіп-өркендеуіне үлес қосуды өмірлік мақсат етіп қойса, министр Моторика консерваторлық көзқарастан арыла алмайтын және қазақ мамандарына менсінбей қарайтын. Еркін Нұржанұлы министрлікке келген бетте осыны бірден байқаған болатын. Ал министр Моторика ашық айқасқа баруда Еркін Нұржанұлының білімпаздығы мен қиыннан қиыстырып сөйлейтін шешендігінен сескенетін еді. Сондықтан ол Д.Қонаевпен кездескен сайын Әуелбековке қамқоршы болғансып, оны өсіру керек екендігін жиі-жиі Димекеңе айтып жүретін. Екі басшының арасындағы тартыстың тамыр жаюын қаламаған Дінмұхамед Ахметұлы болашағынан үлкен үміт күттіретін Еркін Әуелбековті Моторикаға жығып бермей, оны Қазақ КСР Астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібі министрі етіп жоғарылатып жіберді.

Тың игеру жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі зор қарқынмен дами бастады. Осыған орай Қазақстанға бет бұрып Ресей мен басқа республикалардан ағылған кадрларда есеп болмады. Әсіресе солтүстік облыстардағы жағдай еш сын көтермейтін халге жетті. Мұндай келеңсіз көрініс сол жылдардағы республиканың бірінші басшысы Димаш аға Қонаевтың назарынан тыс қалмады. Көкшетау облыстық партия комитетіне бірінші басшыны тағайындау кезінде, Дінмұхамед Ахметұлы жас та болса басшылық қызметтің түрлі сатысында ысылып үлгерген Әуелбековке ұсыныс жасады. Ұзақ жылдардан бері Көкшетау облысында бірінші басшының басқа ұлттан болуына байланысты, жергілікті кадрлардың үнемі назардан тыс қалатынын, жас қазақ мамандарын өсіріп, шаруашылықтың түрлі салаларына орналастыру керектігін, оларға қолдан келгенше жағдай жасау қажеттілігін ескертті. Шынында, Е.Әуелбеков осы облысқа келгенше Көкшетау облысында лауазымды қызметтегі қазақ кадрларының үлес салмағы жоқтың қасы еді. Олардың біреннсараны ғана совхоз-колхоздардағы партия комитеттерінің хатшылығынан аспайтын.

Бірінші басшылық қызметте жүріп, Еркін Нұржанұлы облыстың экономикасы мен ауыл шаруашылығын республикадағы алдыңғы қатарлы аймақтардың қатарына қосты, ұлттық кадрлардың білім алып, қызметтерінің өсуіне үнемі қамқорлық жасап отырды. Диқандар арасынан үздік жетістіктерге жеткен қазақ жігіттеріне Социалистік Еңбек Ері атағын алуына септігін тигізді. Көптеген аупарткомның бірінші хатшылығы мен аудандық атқару комитеттері төрағалығына жергілікті кадрлар тартылды.

Ер-ағаның осындай адал еңбегін облысқа демалуға ара-тұра келетін Леонид Ильич Брежнев те, республиканы ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Қонаев та байқады, соған орай олар әділ бағасын берді де. Қырық беске келген шағында Еркін Әуелбековке ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Осындай жаста мұндай атаққа республикадағы обком хатшыларының бірде-бірі жетпеген еді.

Қазақ «әркімнің өзі шығар биігі бар» деп бекер айтпаған. Бұл нақылдың Әуелбековке тікелей қатысты екенін өмірдің өзі дәлелдеді. Ерекеңе Еңбек Ері атағы берілісімен, әсіресе Алматыда оның артынан пыш-пыш сөз айтушылар көбейді. Қазақтың «жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер» дегені шындыққа айналды.

Қонаев төңірегінде жүргендер жай сөйлеп емес, шайқап сөйлей бастады, «елуге жетпей Еңбек Ері атағын алған Әуелбеков енді бір екі жылдан соң екінші жұлдыз алса, өзіңді тағыңнан кетіреді» дегенді Димекеңе жеткізуге асықты, соған бар күштері мен қулық-сұмдықтарын салып бақты. Ақыры сөз тасушылар өз ойлағандарына жетті.

Әуелбеков алдымен артта қалған Торғай облысын көтеруге жіберілсе, екі жыл толар-толмастан соң «Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын көтеру үшін» деген ұсыныспен Сыр өңіріне жіберілді.

Қиындықтан қаймықпайтын Әуелбеков үшін мұндай «тағайындау» оның жігерін жасыта алмады. Қайта ол екі облыста да проблемаларды шешудің жолдарын тауып, оны бүкіл республикаға жария етті. Мысал ретінде, Қазақстан Компартиясы XVI съезінде сөйлеген сөзінде Әуелбеков делегаттар назарын Қызылорда облысының не себепті үнемі артта қалып келгенін, оған республика басшылығы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбегенін, уақыт талабына сай халқының басым бөлігін қазақтар құрайтын аймаққа ерекше назар аудару қажеттігін ашына жеткізді.

Елдің экономикасы мен саяси жүйесін Горбачевше реформалау барысында КСРО халық депутаттар съезіне баламалы кандидаттарды ұсыну басталды. Неге екені белгісіз, Кеңес елінің жоғарғы органына жұмыс десе ішкен асын тастай салуға дағдыланған, үнемі ізденісте жүретін және әрдайым нәтижеге жетуді мақсат тұтатын Е.Әуелбеков Алматыда жасалған сценарий бойынша Қызылорда облысынан КСРО халық депутаты болып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің аймақтық даму комитеті төрағасының орынбасары қызметіне сайланды.

Мен өзім 1989-1991 жылдар аралығында Қазақ радиосының Мәскеудегі КСРО Жоғарғы Кеңесінде парламент тілшісі болған кезде, комитет отырысында оның мүшелері елдің, халықтың көкейкесті мәселелерін шешумен емес, саяси ойынға беріліп, әркім өз көрпесін өзіне қарай тартумен айналысатынын байқадым. Қарақан бастарының қамдары үшін ғана тірлік жасаудың әрекеттеріне көңілі толмай жүрген Ер-ағаны талай кездестірдім.

Бір жолыққанда «мынандай күйімізбен елден айырылып, халықты тентіретіп жіберетін шығармыз» деп ішіндегі күйігін жасырмап еді. Шынында да көпшілікті ұшқыр ойымен, өткір сөзімен, қонымды ұсыныстарымен өзіне қаратып алатын асыл ағаның осындай күйзеліс жағдайда жүргенін көру бізге әрі өкінішті, әрі ауыр еді.

Жалпы, Еркін Әуелбеков бүкіл болмысымен әділетсіздік пен заңды аяққа басатындармен аяусыз күресетін қайраткер, бірбеткей басшы еді. 1986 жылдың көктемінде Байқоңыр әскери бөлімшесінің кінәсінен Сырдарияның төменгі сағасындағы облыс халқының жартысына жуығы тұратын Қармақшы, Қазалы және Арал аудандары мен Байқоңыр қаласын уландыру қаупі төнді.

Осы жағдайға байланысты Е.Әуелбеков СОКП Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Горбачевке шығып, мән-жайды түсіндірді. Дереу Мәскеуден «Главкосмос» басшысы генерал-лейтенант, екінші космонавт Герман Титов бастаған комиссия келді. Аталған мәселе облыстық партия комитетінің бюросында қаралып, Еркін Нұржанұлы космодром басшысы генерал-лейтенант Юрий Адверкеевич Жуковты аяусыз сынады. Мұндай қылмысты аяқсыз қалдыруға болмайтынын, заң бойынша осыған жауапты космодром басшысы Жуков партиядан шығарылып, сотқа берілетінін мәлімдеді.

«Сасқан үйрек артымен сүңгиді» дегендей, генерал Жуков өлермен жағдайға түсіп, Әуелбековтен кешірім сұраумен болды. Бұдан былай жергілікті билік органдары мен тұрғындар мүддесіне қол сұқпайтынын, аймақтың экологиялық талаптарын қатаң сақтайтынын, тағы аңдарды ендігәрі атуға бармайтынын айтып, ант-су ішті. Осылайша жөн-жосықсыз кеткен космодром басшысын Еркін Нұржанұлы сабасына түсірді.

Мәскеуден егемен еліне келген Ер-ағаны мұнда ешкім күтпеп еді. Сондықтан біраз уақытқа дейін Ерекең жұмыссыз жүрді. Алайда билік басында отырғандар Е.Әуелбековті ұзақ уақыт бойы қызметсіз қалдыруға дәттері шыдамады. Оның үстіне республикалық газеттерде «есімі бүкіл елге белгілі мемлекет қайраткері Еркін Әуелбеков не себепті жұмыссыз отыр, бұл дегеніңіз тәуелсіздігімізге дақ түсіретін жағдай ғой» деп дабыл қаққан мақалалар шыға бастады. Өйткені Еркін Әуелбеков сияқты танымал азаматтың әлі де болса беделі зор еді. Бұл дабыл биліктегілердің құлағына да жеткен болар. Ақыры, Ер-ағаға Президент кеңесшісі қызметі ұсынылды.

Менің қызмет орным Сәтбаев пен Желтоқсан көшелерінің қиылысында болғандықтан, таңертең немесе кешке қарай Ер-ағаны жұмысына кетіп бара жатқанда немесе үйіне келе жатқанда жиі кездестіруші едім. Өзіне жарасымды қоңыр даусымен сәлемімді алып, хал-жағдайды сұрап жататын. Сөзге тартып, денсаулығыңыз қалай дегенде де «құдайға шүкір» деп қысқа ғана жауап қайтаратын.

Шынында да Ер-ағаның сырқаттанып, ауруханаға түсті дегенін естіген емеспін. Арықша, сымбатты келген тік бойынан өзін өзі күтіп ұстайтыны білініп тұратын. Тек қана өткір жанарынан әлде бір сыртқа шықпай жатқан шер жатқандай көрінетін...

Білетіндердің айтуынша, Еркін Нұржанұлы парасатты, адал азамат, алғыр тұлға. Ол сол болмысынан өзгермей солайша өмір сүрді, солайша қайраткер ретінде қалыптасты, солайша өмірден озды. Оның өнегелі ұлттық тарих пен құндылықтарды сақтай білетін азаматтық бейнесі Әуелбековті білетін барша жұрттың жадында сақталатыны сөзсіз.

Мейрам БАЙҒАЗИН,

Нұр-Сұлтан қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі,

Қазақстанның құрметті журналисі

Естелік суреттер

Қарапайым тұлға еді

Еркін Әуелбековтің аяулы жары Күлше Оспанқызымен болған әңгіме-сырдан үзінділер

***

...Ерекең өте қарапайым өмір кешті. Дүние-мүлік, байлық, ақша дегенге қызыққан жоқ. Қандай қызметте болса да өзін ел-жұрттан бөлек және оқшау ұстауға тырыспады. Маған ылғи да: «бірінші басшының ары мен жаны таза болмаса онда құрығаны. Оны ел сыйламайды. Іс ешқашан оңбайды, ілгері баспайды,- деп отыратын. – Егер біреу-міреуден осылай да осылай Әуелбековтің әйелі бір жерден бір затты алыпты немесе бір шаруаға араласып, килігіпті дегенді естісем қиын болады, сол күні ажырасамын!» -дейтін. Әрине оны жек көргендіктен айтпайды ғой. Сақтандырады – дағы.Түрлі өсек-аяңнан аулақ болғысы келеді. Елдің алдында жүзіміз жарық, арымыз таза болсын дейді.

Әлі есімде Көкшетауда бірінші хатшы болып жүргенінде Жеңіс дейтін інісі үйленді. Еркін бірден: «Ешқандай дақпырт-даңғазаның керегі жоқ. Өздерімен бірге оқитын студенттерді шақырып, кішігірім той жасаңдар болды»,- деді.Сөйтті де өзі саяжайға кетіп қалды.

***

Бір жолы Мәскеуге барғанда Орталық Комитеттің бөлімдеріне және министрліктерге барып қайттық. Анда-мұнда жүгіріп жүріп қатты терлепті. Терлегені соншалықты тері сұр кастюмінің сыртына шығып кетіпті. «Еркін-ау,үстіңе қарасаң қайтеді?- десем, –Әй,оны қойшы, мен бүгін біраз шаруа тындырдым. Онан да соны сұрамайсың ба?» – деп қуанып мәз болып тұр.

***

Өзінің туған ауылы Жаңасуда бүкіл ауылдастарының басын қосып шаруа қожалығын ұйымдастырған. Соған өзі кеңесші болып жүрді. Мақсаты мынадай қиын заманда елді тарықтырмау ғой. Жүгіріп жүріп сол ауылға жаңа үлгідегі мектеп салдырды. Оған мұғалімдер жетіспей, ауылдағы келіндерді жинап, Көкшетаудағы пединститутқа оқытты. Осында келгенде өзі күліп айтып отыратын. «Келіндерді жинап алып, кітап бойынша саңырауқұлақты тұздауды, түрлі жеміс-жидектерден тосап жасауды үйреттім»,- деп. Өйткені біздің жақта аққайыңдар сыңсыған орман ішінде саңырауқұлақ пен жидек көп өседі.

***

Еркін адам болып ауырған кісі емес. Қыңқыл-сыңқыл дегенді білмейтін.Үнемі спортпен айналысып, денесін шынықтырып, сергек жүретін. Тіпті көз жұмғанға дейін шаңғы тепті десем өтірікші болмаспын. Соны өзі ерекше ұнататын...Торғайда жүргенде ғой деймін. Далада шаңғы теуіп жүрсе бір орыс жігіті ұшырасып: «Сіз шаңғыны жақсы тебеді екенсіз.Қазақтар бұған

онша әуес болмаушы еді. Қайдан үйреніп жүрсіз?!» - депті таңырқап. Бұл да оған әзілдеп жауап берген көрінеді. Тағы бірде әлгі жігіт жолығып: «Мені құттықтап қой. Әйелім ұл тапты!», - депті. Ерекең: «Құттықтаймын!» - дейді.

Кейіннен бір жиналыста көріп қалып «Әй, менің күнде бірге шаңғы теуіп, әзілдесіп жүргенім біздің бірінші хатшы екен ғой!»,- деп қайран қалыпты.

Ел ардақтысы – Еркінге ескерткіш орнатылды



Мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек ері Еркін Нұржанұлы Әуелбековке Ақмола облысының орталығы Көкшетауда еңселі ескерткіш ашылды.Қоғам қайраткеріне арнап ескерткіш орнату – барша көкшетаулықтардың ізгі қалауы болды. Бұл салтанатты шараның ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында іске асырылып отырғанына қуаныштымыз. Себебі Еркін Нұржанұлы Әуелбеков егемен еліміздің негізін қалаушы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметтес серігі.Тәуелсіз еліміздің қалыптасуына өз үлесін қосқан қазақ елінің көрнекті қайраткері. Кербез Көкше жерінде туып, сүйікті Көкшетауының, еліміздің басқа да аймақтарының дамып, көркеюі үшін ерен еңбек еткен Еркін ағамыздың жарқын бейнесі жерлестерінің жүрегінде өшпестей қалды.

Бұл қуаныш Еркін ағаның кешегі серіктестерінің, басқа да аға ұрпақ өкілдері, бүкіл жұртшылықтың ой-аңсары сәтімен жүзеге асты деп білеміз.

Осылайша ел мақтанышы, ел ардағы, атақты жерлесіміз Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің өнегелі тағылымды игі істерінің куәсі ретінде, ел ардақтысының жарқын бейнесі тасқа таңбаланып, еңселі ескерткіш болып, Көкшеліктер жүрегінде ардақтаған азаматы болып қала бермек. Абылайдай ұлы ханның ізі қалған, дін ғұламасы Науаннан тағылым алған, Айғанымдай ананың тәлім-тәрбиесін үлгі еткен, дүлділ Құлагердің шабысына қиқу қосқан Көкше жұрты, өңірінің төл перзентіне ескерткіш қойып, қуанышқа бөленіп, мәз-мейрам болды.

Айта кету керек, Әуелбековтің 90 жылдығына орай Көкшетау қаласында Ескерткіш орнатылғандығын Торғай жұртшылығы зор ризашылықпен қарсы алды. Ол ескерткіштің мемлекеттің емес, қолдаушылардың қаржысымен салынатындығына да шүкіршілік етті... Көкше жұрты бас болып, арнайы қор ашып, жұмыс жүргізе бастағанын, оларды Қызылордалық бауырларымыздың бірден қолдап кеткендігін де естіп қуанып жаттық. Жасыратыны жоқ, көңіл толқып, Еркін Нұржанұлының сол кездердегі іс-әрекеттері еріксіз еске түсіп, жан-дүниемізге қозғау салатын ерекше бір күйді сезінгендей болдық.

Торғайдың байырғы аудандары саналатын Аманкелді мен Жанкелдин, Арқалық аудандары халқының Еркін Әуелбековке деген пейілі мен риясыз көңілі ерекше. Қалың жұрттың қозғалысы мен бас көтерер жігіттердің бар болғандығының арқасында айналдырған бір-екі ай ішінде 8 миллионнан астам қаражат жиналды. Біз мұны жақсы жетістік деп есептедік. Түскен қаражат Еркін Нұржанұлының туған жері Көкшетау қаласында ашылған Әуелбеков қорына аударылды.

Ең бастысы, қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлын Торғай елі ұмытпай, оның қадір-қасиетін терең түсінетіндігін көрсетті. Барлық саналы ғұмырын елін, Отанын сүюге арнап, сол жолда аянбай еңбек етіп,мемлекетіміздің нығаюына ерекше серпін,күш беріп,қазақ руханятының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан аптал азаматты қимастықпен еске алып, жадында сақтайды. Биылғы жылы Социалистік Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековтің 95 жылдығына орай, есімін есте сақтау үшін түрлі іс-шаралар өткізілсе абзал тұлғаның таланты, қабілеті, парасаттылығы, халқына адал қызметі, адамгершілік қасиеті келешек ұрпақ көзқарасының қалыптасуына, ұлттық санасының оянуына әсер етуі сөзсіз.

ӘУЕЛБЕКОВ РУХЫНА АРНАУ

Сөз сарасын жайнатып мәнерлі етіп,
Айтар болсам ойымды өлеңдетіп.
Сыр еліне қалтқысыз қызмет етті,
Еңбек Ері, нар тұлға Әуелбеков.
Біртуар, жаны таза, дара туған,
Еңбек етіп ақ адал жолыменен.
Жеңе білді кедергіні алда тұрған,
Қиын шақта бір болды халқыменен.
Басшы болып келе сала облысқа,
Кірісіп кетті бірден зор жұмысқа.
Ең бірінші тәртіптен бастады да,
Тосқауыл қоя білді бар қылмысқа.
Жемқор мен сыбайластар құрықталды,
Көп дөкейлер жұмыстан шығып қалды.
Тезге салып параға былыққанды,
Жөнге салды Құдайын ұмытқанды.
Ғимаратты шенділерге үй қып берген,

Халықтың игілігі үшін тартып алды.
Пәтерлерді бөлінген заңсыз жолмен,
Көп алалы ана үшін қайтып алды.
Көрсетіп қайсар мінез табандылық,
Танытып ақыл менен дарындылық.
Аралды сақтау үшін арпалысты,
Халқының мекендеген зарын ұғып.
Зауыт пен фабрика да салып берді,
Құмкөлдің де мұнайын алып берді.
Халықты жұмыспенен қамтыды да,
Жүректерге үміт отын жағып кетті.
Жер астынан мол су қоры табылып,
Тереңдерге баратын ұңғылар да қазылды.
Жеткізу үшін Сыр халқына ауызсуды,
Шалғай жерден құбырлар да тартылды.
Кірлетпей аппақ туын адалдықтың,
Жолына бөгет болды жамандықтың.
Әділдікті қолдады жан-тәнімен,
Биік ұстап қалыбын адамдықтың.
Жақсы көріп, халқы оны мақтады,
Ерекең де әркез ел сенімін ақтады.
Лауазымға құл болып, мансап қумай,
Ар-абыройын өле-өлгенше сақтады.
Ер есімі ел есінде жатталады,
Ұмытылмай жүректерде сақталады.
Болашақ ұрпақтарға өнеге боп,
Жалғасын таба берер мақтау әні.
Жүзден жүйрік туылар, мыңнан тұлпар,
Қия шыңға ұшып шығар нағыз сұңқар.
Ерекеңдей халқына қызмет қылған,
Бір ғасырда бір-ақ туар асыл ұлдар!

Ералы Есімов,
зейнеткер

Мерзімді басылым беттерінен

ТАҒЫЛЫМ

Қарапайым тұлға еді

(Еркін Әуелбековтың туғанына жиырма сан)

Еркін Әуелбековтың есімі де еңбегі де ұмытылмауы керек

«Фурманов» аумағына қоғам және мемлекет қайраткері Еркін Нуржанұлы Әуелбековтің атын беруді жұмыс тұрғындарының атынан ұсынамыз.

«Жаңсыңмын аты өлмейді» деген дана сөз бар. Жалпыхалықтық ұлылық ешқашан ұмытылмады. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, саяси көшбасшы Еркін Әуелбековтің есімі алыс-жақындағы жұртқа өтене таныс. Кеңшетау, Торғай, Қызылорда өңірлерінде басшылық қызметте жүріп ұлан-ғайыр еңбек атқарды. Бұрын-соңды шешілмей келе жатқан кістерін түйінін тарата алды. Кенестік жүйенің сыңарлы шешімдерінің ішінде қара ормандай қалыптан көшпестігі үшін тыңдай білді. Тоқсан жылдай 1928-84 жылдары басқарған Еркін Нуржанұлы Әуелбековтің бізбен обыльсмаған жаңсыңмыны мен нәтиже күні бүгінге дейін қала жалғасып келеді. Тектігі Торғайдың кіелі топырағына бастан болып кетіпті. Кенеттегі дейін Москва аумақ шаруашылық Академиясын бітіріп, кешкар директоры, 1961-65 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық кеңесі атқару комитеті торағасының орынбасары, Солтүстік Қазақстан Обкомының 2-ші хатшысы, Солтүстік Қазақстан атқару комитетінің торағасы қызметін атқарды. 1965-68 жылдар аралығында Еркін Әуелбековтің 35 жастағы азамат ауыл шаруашылығы министрінің 1-ші орынбасары, 38 жасқа да Қазақ ССР атқы өкімдері және қорма жем өндіріс министрі болады.

Ір салада қызмет атқарып, ізденіп, тәжірибелі басшы Еркін Әуелбековтің 38 жасында Торғай облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып сайланды. Кеңе аймақтағы барлық сала-лары бақылап алып, бірден босаңсып кеткен салаларды назарға салды. Бөлшек жатқан жайсыздықтарды өз көкімен көріп, басшыларын қатаң талап қылды. Осылай тартып қатайған жерде жұмыс та бір арнаға түсіп, Торғай аймағы гүлденіп, көркейе бастады. Еркін Нуржанұлы - еңбек адамына деген қамқоршылық басты назарда ұстаған азамат. Қай аймақта барса да басшыларын емес, еңбек адамының сұхбаттасып, олардың ұсыныс-пікірлеріне ерекше көңіл бөлетін.

Торғай облыстық шопан-дар слетін ұйымдастыруда ол Торғайдың кетпенде өткізді. Бұл еңбек адамына деген ерекше қамқорлық, оған бір қарыет болатын. Ешқандай тілпіп, ан айтпаған, күй тартпаған, спортпен бастық тұрғынының, шопанмен бастық сабаласын жарыстар өтетін. Күрес, қыз қуу, аламан бәйге, әйтіс, басқа да ұлттық дәстүрлер насихатталып, бұл қарапайым, еңбек адамының жасаған ең зор қамқоршы еді.

1968 жылы ҚКП Жоғарғы Кеңесі Төрағасы кеңесінің ұйтасы, сенат және халықтық палата, қатынастар комиссиясы торағасының орынбасары, 1971-93 жылдары Қазақ ССР Президиумы Президиумінің кеңесшісі қызметін атқарды.

Ерекше бейнем, Октябрь революциясы, тұн мартте Еңбек Қызыл Ту ордендері, медальдармен марапатталған. Қоғам және мемлекет қайраткері 29-шы шілде 1993 жылы Алматы қаласында өмірден өзды.

Еркін Нуржанұлының ерен еңбегін, өлшеуін, ізденіс-жаңсыңмын ұнемі есте сақтау үшін «Фурманов» аумағына Еркін Нуржанұлы Әуелбековтың атын беру лайық деп ойлаймыз.

Қ. ЕРТАЙЫН,
Фурманов ауылы
тұрғыны

Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер

Мәрт тұлға, қарымды қайраткер

Ерекеңнің ескерткішіне – Торғайлықтардың тартуы!

Жеудесі ағаларды АЛТЫН САНДЫҚ

Давид Кугультинов

Қаратай Турысов

Халық арасында оның "Түзетуші хатшы", "Бейбіт уақыттың Жуковы" деген лақап аттары болды. Жүкөетті Сталин мәдениеттің ең қиын шеттерінде жібергуі өді гой. Сол секілді Еркін Нуржанұлы Әуелбековті де экономикасы бапуалаған, шаруашылықтары шеткеткеткен облыстарға жібереті. Барған жеріңде халықты ұйымдастырып, облыстың экономикасын көтеріп, шаруашылықтарын қалыпқа келтіреті.

ОЛ ЕЛІН СҮЙЕТІН, ЕЛІ ОНЫ СҮЙЕТІН

ЕСТЕЛІК

Ел тұтқасы болар жан еді

Еркіннің есімі – елінің есінде

ҰЛТ НАМЫСЫН ЕШКІМГЕ ТАПТАТПАҒАН

Корнекті мемлекет қайраткері, өлкеміздің бірнеше облысына, ауыл шаруашылығы саласының министрліктерінде басшылық жасаған Социалистік Еңбек Ері Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тірі болғанда биыл тоқсан жасқа толар еді.

Кәмелеттікке шыққан кезіңіз машинаның жүргізушісін алғаш бағыты ауысқай болатын. Облас басшылары Сарыарқаның іскер-шаруалы Бурабайға қысқа демалысқа келген КПСС Орталық комитетінің бірінші хатшысы Леонид Ильич Брежнев пен шаруашылық деңгейлерінің шектатпы байланысты мемлекет басшысын шығарып сапқы жігіт жатыр. Жігітжанжарлы басшылігіне көрткен бірден Л.И.Брежнев самолетінің жанына барып тоқтады. Облыстық партия комитетінің бюро мүшелері мен областың ауылшаруашылығындағы жаңа-тармалай машиналарының тез түсіп, құдды исмерлер жүргендей, самолет трапының жанына барып, сол түзеп тұрғы қалды.

Машинадан шыққан Леонид Ильич осыалай басып, шыттарын сапуын келген облас басшыларымен қолтасқа бастады. Оларнан жалы шыраймен қонтасқан Леонид Ильич неге екені белгісіз Е.Әуелбековтің соз жанына тұрып обкомның екінші хатшысы В.Загорскийге кол берпей, бірден Еркекпен жанына барды де:

– Еркін Нұржанович, менді денсаулық: рақмаслетқарыңмы рахмет. Рахмет. Жұмысыңа сәттілік тілеймін, алған ісіңа бағытпанын тілеймін!

Леонид Ильичті шығарып салысымен кабинетіне келген Еркін Нұржанұлы, Брежнев жолдастан «алған бағытпанын тайқы» деткенде неді мемлекет екен және обкомның екінші хатшысы В.Загорскийге неге кол берпей кетті деп ойға пошмат отырмыз, кабинетіне обкомның сумпаңаушылық саласын басқарушы хатшы Евгений Мыкайлович Золотарев кірді.

– Еркін Нұржанович, терең ойда отырғаң сияқтысың, мен сізге келдім жаңаны жеткіз бе?

– Жоқ Евгений, мен Леонид Ильичтің айтқан сөздері мені мелекі екен және Василий Никифоровичке не себепті кол бермей кетті екен деп ойлаып отырмын.

– Еркін Нұржанович, оған басымсыңы қатырмаңыз. Егер білгіңіз келсе, оның мәнісі екінші хатшысы Загорский-дегі сірнаңыз. Жұмысқа сол айтар. Кеңес ол сізден ай аралығы бұратшынылығы андып отырады. Сіз есіктен шыққанда, ол «поклон» шығып, демалыс жатқан Леонид Ильичтің мағасын алуын болды. Менің ойымша ол «қарбалаңы» ауқы Бурабайға сізді мадақтауға барды деп ойламайжын. Ол жағын өзіңіз де сезіп отырған шығарсыз.

Золотаревты шығарып салысымен Еркекте ешқандай ыңғайсыз жұмыс ашылып ісінді ісіндегі кәртіне бетін аударып қарап, таныс-ағайдан жаңалықтар сұрады. Осыдан соң жаңа бірден Еркекке ол Әуелбековтің телефон сымын тосыл отырғанқой, тұтқаны көтерісімен Еркекпен сөйлесу сізге бірден танып, – Еркін, жаңдайларың қалай, Леонид Ильичті шығарып салдыңдар ма, кешіл-күйі қалай екен деген сұрақтарды ала бастады.

– Кешіл-күйі жақсы, рахмаңыңыз біздіңкі қайтты. Менің сізбен жыдасатын бір шаруам бар еді.

– Тыңдап тұрмын, айта бер, Еркін.

– Екінші хатшы Загорский Василий Никифоровичті басқа жұмысқа ұшыстырсаңыз, ал-ойлап болмаса мен жұмыстан кетемін.

Ман-жайын барын тыңдап болып Дөмекпен, ешне тағы сөйлесу дедыңдар.

Еркін кезір жұмыс анықталып кез, Загорскийдің мәнісесін ертеңе шешем. Ол республикалық кәсіподақтар Кенесіне хатшылыққа ауысқан.

Сол кезде Еркекпен бір жоғы жұмыс бес жыл болатын. Ол бірден шаруашылық жұмысын ыстқ бізді. Ертіп орағы табысты анқталып, шаруашылық жұмысын қорытындылаған обкомнан кешіл ісінде ісінде Еркін Әуелбековтің сонсоп директоры ретін бекітті.

Директорлық қызметке кірісімен Еркекке халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуды кілен ашты. Тыл өтуу жылдары жаңа салынған үйлер сол кезде пақатас республикалардан келген басқа ұлт өкілдерінің бірінші кезекте берілін, өзіміздің қазақтар шеткалай қалатын. Соз жоқтарды ізіздестіріпін, ешбек ісінде ісінде ісінде

Қоғам қайраткері жайлы кітаптар





Суреттер сөйлейді

Е.Н. Әуелбековтің Д.А. Конаевпен Арқалық ауданы «Восточный» кеңшарының №2 егістік бригадасын аралап жүрген кезі

Ы. Алтынсарин атындағы кешпардың орталығы болатын жерде қазық қағу рәсімі

Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болудағы Торғай халқымен кездесу

Мәскеуден съезден оралу. 1985 жыл

Мәскеуден съезден оралу. 1985 жыл

Өнер адамдарымен. 1989 жыл

Солдан оңға қарай – түрегеп тұрғандар: К.Махамбетов, Н.Уәлиев, Б.Қодаманов, отырғандар: Т.Маханов, Е.Әуелбеков, Ж.Қожауов. 1988 жыл

Қызылорда облыстық мұражайының ашылу сәтінен. 7 мамыр, 1985 жыл

Қызылорда облысы, Е. Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатындағы Еркін Нұржанұлына арналған мұражай.

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....3
2. Әуелбеков Еркін Нұржанұлы.....4
3. Қайсар тұлға, қажырлы қайраткер.....5-8
4. Естелік суреттер.....9-10
5. Қарапайым тұлға еді.....11-12
6. Ел ардақтысы – Еркінге ескерткіш орнатылды.....12-13
7. Әуелбеков рухына арнау.....14-15
8. Мерзімді басылым беттерінен.....16-17
9. Қоғам қайраткері жайлы кітаптар.....18
10.Суреттер сөйлейді.....19-21
11.Еркін Нұржанұлына арналған мұражай.....22

Жазба үшін

Шығ. жауапты: Ж.К. Абжанова
Құрастырушы: М.Г.Жумагалиева
Редакторы: С.А.Алматова

Басуға 24.06.2025 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 6
Таралымы: 3 дана.

Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru